

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы
№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану»

Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және басқа педагогикалық құрам.

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.
2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация).
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы.
5. «Бірлік және ынтымақ» айының есебі.

1-мәселе бойынша Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау Әдіскер өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы толық есеп берді. Әсіресе балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған ойын әдістерін енгізу бойынша жұмыстарды атап өтті. Барлық топтарда тіл дамыту бұрыштары жабдықталып, көрнекілік материалдар толықтырылды. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылып, олардың белсенділігі артқаны айтылды.

2-мәселе бойынша «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама

Тыңдалды: Тәрбиеші Баяндаушы ойынның бала өміріндегі рөліне тоқталып, ойын технологияларының балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын, қимыл-қозғалысын және қарым-қатынасын дамытудағы маңызына тоқталды. «Сюжетті-рөлдік ойындар», «Қимылды ойындар», «Дидактикалық ойындар» тәжірибеде кеңінен қолданылып жүргенін мысалдар арқылы көрсетті. Тәрбиешілер тәжірибелерін бөлісіп, әр топтағы балалардың қызығушылығына байланысты ойындарды түрлендіру қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация)

Тыңдалды: Әдіскердің презентациясы.

Презентация барысында инновациялық технологиялардың түрлері (ақпараттық-коммуникациялық, жобалау, дамыта оқыту, ойын арқылы оқыту) кеңінен талқыланды. Балалардың жас ерекшелігіне қарай әр технологияны қолданудың тиімді әдістері ұсынылды.: Педагогтар АКТ-ны (интерактивті тақта, смарт-құралдар, мультимедиялық бағдарламалар) кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті.

4-мәселе бойынша Шеберлік сыныбы

Өткізген: Жас топ тәрбиешілері

Шеберлік сыныбында балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар көрсетілді. Мысалы:

«Мақтаны қыстырғышпен жинау»;

«Құм ішінде жасырылған ойыншықты табу»;

«Мозаика құрастыру».

Бұл ойындар балалардың саусақ бұлшық етін дамытып қана қоймай, зейінін, шыдамдылығын және ұқыптылығын тәрбиелейді.

5-мәселе бойынша «Бірлік және ынтымақ айының есебі»

Тыңдалды: Әдіскер мен тәрбиешілердің есебі.

Балабақшада өткізілген іс-шаралар баяндалды:

«Достық әлемі» атты сурет көрмесі;

«Бірлік пен татулық» тақырыбында ашық сабақтар;

Ата-аналармен дөңгелек үстел;

Серуен кезінде топаралық достық ойындары.

Балаларда достыққа, бір-біріне қолдау көрсетуге, мейірімділікке деген көзқарас қалыптасты.

Педагогикалық кеңес барысында инновациялық технологияларды қолдану, ойын әдістерін жетілдіру, балалардың ұсақ моторикасын дамыту жолдары қарастырылып, «Бірлік және ынтымақ» айының қорытындысы тыңдалды.

Шешім:

Барлық тәрбиешілер инновациялық технологияларды күнделікті оқу процесіне енгізсін.

Әдіскер педагогтарға әдістемелік көмек көрсетсін.

Ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыстар жалғастырылсын.

Ұжымның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында алдағы уақытта семинарлар, тренингтер ұйымдастырылсын.

Хаттаманы жазған: Уалиева А

Кеңес төрайымы: Смагулова А